

**5B011600 – ГЕОГРАФИЯ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
Жалпы ережелер**

1. «5B011600 – География» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

1.1 География мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты:

1.1.1 – жалпыға міндетті халықаралық стандарты негізінде нәтижеге бағытталған маман дайындауды мақсат еткен, мәдениетті, коммуникативті, педагогикалық қызмет саласында әлеуметтік маңызды мәселелерді шығармашылық және аса жоғары кәсіби шеберлікпен қазіргі ғылыми-практикалық бағытта шеше алатын мамандарды дайындау. Әрі география мамандығы бойынша жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие және төмендегідей бағыттар бойынша кәсіби біліктілігі жоғары педагогтарды дайындау:

- 1.1.1 – жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу;
- 1.1.2 – география саласында жүйеленген білімді қалыптастыру;
- 1.1.3 – географиядан оқу үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру;
- 1.1.4 – ғылыми-зерттеулерді жүзеге асыру.

1.2 Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- 1.2.1 – болашақ география пәні мұғалімдерін қосымша мамандандырулар (туризм, экология, экономика негіздері, т.б.) арқылы қоғамның әлеуметтік тапсырысына сай және білімнің бүкіләлемдік стандартына сәйкес сапалы кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету;
- 1.2.2 – негізгі басым құзыреттіліктердің жүйесін және болашақ география пәні мұғалімдерінің жалпы ғылыми және арнайы білімдерін қалыптастыру;
- 1.2.3 – рухани, физикалық және интеллектуалды тұрғыда өзіндік дамудың жолдарын, психологиялық сауатын, ойлану мәдениетін және мінез-құлқын қалыптастыру.

1.3 Оқу бағдарламасы нәтижелерін меңгеру талаптары:

- 1.3.1 – «5B011600 – География» мамандығы бакалавры *білуі керек*: адамның табиғаты мен оның тіршілігі мәнін зерделенуі; оның мүмкіндіктері мен шегін тануы; өркениеттің жан-жақтылығы, әлеуметтік тәжірибенің түрлерін білуі; адамның ақпараттық техникалық әлемдегі орнын және қоғам дамуындағы ғылымның тиімділігін анықтауы;
- 1.3.2 – географиялық ғылыми пәндер мен оның негіздері туралы түсінігі болуы, сонымен қатар географиялық талдау негіздерін, табиғи ресурстар географиясын, табиғатты пайдалану экологиясы мен экономикасын және т.б. білуі;
- 1.3.3 – физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық үрдістердің заңдылықтарын білуі;
- 1.3.4 – кәсіби міндетін жүзеге асыруға байланысты оқытушы қойған педагогикалық тапсырмаларды шешуге қабілетті болуы, оларды шешу үшін оқып-үйренген ғылыми әдістері мен оқытушының педагогикалық шеберлігін пайдалана білуі қажет.

2. «5B011600 – География» мамандығы бойынша түлекте аталмыш білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер:

Білім беру бағдарламасының мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- 2.1 – жалпымәдени;
- 2.2 – кәсіби;

2.3 – пәндік.

2.1 Жалпымәдени құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.1.1 – өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру *дағдыларын игерген;*

2.1.2 - шешендік өнер, әлемдік классикалық әдебиет пен көркемөнер негіздері жайындағы білімдерін кәсіби қызметінде *қолдануға қабілетті;*

2.1.3 - риториканың, әлемдік классикалық әдебиеттер мен шығармашылықтың негіздерінің білімін кәсіби іс-қимылда *қолдана алатын;*

2.1.4 - адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін *меңгерген;*

2.1.5 - әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі әдістері мен ережелерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде *қолдануға дайын;*

2.1.6 - ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты *жеткізетін*, қазақ (орыс) және шетел тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу *дағдыларын игерген;*

2.1.7 - шетел тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсіну үшін *қолданатын;*

2.1.8 - ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын *қолданатын*, сондай-ақ компьютермен ауқымды компьютерлік желідегі жұмыс істеу *дағдылары бар;*

2.1.9 - әлеуметтік өзара қарым-қатынас әрекетте білім беру үдерісіне қатысушылардың этно-мәдени және конфессиялық діни ерекшеліктерін *ескеруге қабілетті;*

2.1.10 - ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен құру тәсілдерін *жете түсінетін;*

2.1.11 - дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын *қолдана алатын;* толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене шынықтырудың қажетті *деңгейін ұстанатын;*

2.1.12 - тазалық сақтау, еңбекті қорғау талаптарына және сыртқы ортаның жағымсыз ықпалдарынан қорғану ережелеріне сай салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға *қабілетті.*

2.2 Кәсіби құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.2.1 - оқу-тәрбие үдерісін *модельдей (үлгілей) алатын* және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға дайын;

2.2.2 - психологиялық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері жағдайында) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын *қолдана алатын;*

2.2.3 - психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді *қолдануға дайын;*

2.2.4 - әртүрлі жастағы балалардың әрекеті, қарым-қатынасы, дамуының диагностикалық әдісін *пайдалануға қабілетті;*

2.2.5 - білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушыларға арналған бағдарламалардан, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларынан білімдерін *қолдануға әзір;*

2.2.6 - балалардың әралуан іс-әрекет түрлерін *ұйымдастыруға дайын;*

2.2.7 - білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғаралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін *меңгерген;*

2.2.8 - мәдени-ағартушылық жұмыста нормативтік құжаттар мен пәндік саладағы білімдерін *қолдануға дайын;*

2.2.9 - мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын *түсінетін*, кәсіби этикалық ұстанымдарды *ұстанатын;*

2.2.10 - қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті ұйымдастыру тәсілдерін, сондай-ақ ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен ұстанымдарды *меңгерген*;

2.2.11 - кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне *қатысуға қабілетті*;

2.2.12 - кәсіби қызметінде бала құқығы мен мүгедектер құқығы туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды *қолдануға дайын*;

2.2.13 - сыни ойлау әдісін *меңгерген*;

2.2.14 - инклюзивті білімнің құндылығы мен сендіруін *бөледі*;

2.2.15 - құбылмалы еңбек нарығына бейімделуі және белсенді де жауапты азамат болып қалыптасуы үшін нәтижеге және мобильділікке (ұтқырлыққа) бағытталған білім алуға *қабілетті*.

2.3 Пәндік құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.3.1 - орта білімнің ерекшеліктерін түсінетін және әр жастағы балаларға білім беруде сабақтастықты жүзеге асыратын құралдарды *меңгерген*;

2.3.2 - жалпы білім беруші мектеп оқушыларына географияны және оның шептес (туризм, экология, экономика негіздері, т.б.) пәндерін оқытудың әдістемелері мен теориялық негіздерін *игерген*;

2.3.3 - географияның және оның шептес (туризм, экология, экономика негіздері, т.б.) пәндерінің тұжырымдамалық және теориялық негіздерін, әрі олардың жалпы ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығын, даму тарихы мен қазіргі жағдайын *білетін*;

2.3.4 - іргелі географиялық заңдар мен теориялар, экономика мен табиғаттағы құбылыстар мен үдерістердің табиғи мәні туралы жүйелі білімді *игерген*;

2.3.5 - географияның және оның шептес (туризм, экология, экономика негіздері, т.б.) пәндерінің оқыту технологиясы мен олардың теориялық және зерттеулік негіздерінен білімін қолдануға қабілетті, оқушылардың пәндік біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру әдістерін меңгерген, әрі географияға қызықтыруды қалыптастырудың тәсілдерін игерген және география мен оның шептес салаларынан алған білімдерін күнделікті өмірде *қолдануға қабілетті*;

2.3.6 - физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық зерттеулерді (зертханалық-сарамандық, демонстрациялық, компьютерлік) ұйымдастыру және іске асыру, қою дағдыларын *игерген*;

2.3.7 - заңдылықтар, құбылыстар мен үдерістерді талдау мен синтездеу үшін іргелі және қолданбалы географиядан, жалпыгеографиялық бағыттағы, оның ішінде физикалық-географиялық және әлеуметтік-экономикалық география салалары бойынша білімдерін *қолдануға қабілетті*;

2.3.8 - ақпараттар беру, өңдеу және сақтау, сонымен бірге практикалық міндеттерді шешу үшін физикалық-географиялық және әлеуметтік-экономикалық географияның зерттеу әдістерін, бағдарламалау және замануи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды *пайдалануға қабілетті*;

2.3.9 - физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық бағыттар саласында талдамалық және технологиялық шешімдерді *жүзеге асыруға қабілетті*;

2.3.10 - байқаулар мен зерттеулер нәтижелерін теориялық тұрғыдан талдау әдістерін және компьютерлік модельдеу (үлгілеу) тәсілдерін *игерген*.

3.2 «5В011600 – География» мамандығы бойынша оқу жоспары:

Оқыту мерзімі: 4 жыл
 Академиялық дәрежесі: 5B011600-География
 мамандығы бойынша білім бакалавры

Код, №	Модуль және пәндер атауы	ECTS	Семестр
ЖПМ 1	Жалпыбілімдік пәндері модулі (ЖПМ)	24	-
МПК 1.1	Міндетті пәндер компоненті (МПК)	24	-
1.1.01	Тәуелсіз Қазақстан тарихы	3	1
1.1.02	Қазақ (орыс) тілі	4	1
1.1.03	Шетел тілі – В1	4	1
1.1.04	Компьютерлік ғылымдар	4	2
1.1.05	Артбілім	3	1
1.1.06	Экономика және бизнес	3	3
1.1.07	Білім беру философиясы	3	3
ЭПК 1.2	Элективті пәндер компоненті (ЭПК)	-	-
КПМ 2	Кәсіби пәндер модулі (КПМ)	60	-
МПК 2.1	Міндетті пәндер компоненті (МПК)	60	-
2.1.01	Педагогика	5	2
2.1.02	Психология	5	2
2.1.03	Педагогикалық менеджмент	3	4
2.1.04	Педагогикалық риторика	3	3
2.1.05	Инклюзивті білім беру	3	5
2.1.06	Жас ерекшелігі физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	1
2.1.07	Зерттеу әдістері	3	3
2.1.08	Шетел тілі – В 2	5	2
2.1.09	Практика - 1 (үздіксіз пед. практика)	6	4
2.1.10	Практика - 2 (кәсіби практика)	9	6
2.1.11	Практика - 3 (кешенді пед. практика)	15	8
ЭПК 2.2	Элективті пәндер компоненті (ЭПК)	-	-
АПМ 3	Арнайы пәндер модулі (АПМ)	144	-
МПК 3.1	Міндетті пәндер компоненті (МПК)	81	-
3.1.01	Картография, топография негіздерімен	4	1
3.1.02	Жалпы геология	3	2

3.1.03	Жалпы жертану	3	1
3.1.04	Геоморфология	3	4
3.1.05	Жаратылыстану	3	3
3.1.06	Ландшафттану	3	4
3.1.07	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	3
3.1.08	Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы	5	4
3.1.09	Қазақстанның физикалық географиясы	5	4
3.1.10	Биогеография	4	3
3.1.11	Саяси география, геосаясат негіздерімен	3	5
3.1.12	Халықтар географиясы, демография негіздерімен	3	5
3.1.13	Дүние жүзінің табиғат ресурстары географиясы	3	5
3.1.14	Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы	4	6
3.1.15	Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы	4	6
3.1.16	Қазіргі дүние географиясы	4	6
3.1.17	Өлкетану	4	6
3.1.18	Географияны оқыту әдістемесі	5	7
3.1.19	Оқу практикасы - 1 (жалпыгеографиялық)	2	2
3.1.20	Оқу практикасы - 2 (физикалық-географиялық)	2	4
3.1.21	Оқу практикасы - 3 (экономикалық-географиялық)	2	6
3.1.22	Оқу практикасы - 4 (кешенді зона аралық)	6	7
3.1.23	Кәсіби-бағытталған шетел тілі	3	5
ЭПК 3.2	Элективті пәндер компоненті (ЭПК)	63	-
4	Бітіру (дипломдық жоба) жұмысы	12	8
	Барлығы ECTS	240	
ОҚТ	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
	Дене тәрбиесі	12	1-4
	Дінтану	3	2
	Мәңгілік ел	3	2

3.3 Модульдер бойынша ұсынылатын элективтік пәндер (оқу курстары)

Код, №	Модуль және пәндер атауы	ECTS	Семестр
АПМ 3	Арнайы пәндер модулі (АПМ)	144	-
МПК 3.1	Міндетті пәндер компоненті (МПК)	94	-
ЭПК 3.2	Элективті пәндер компоненті (ЭПК)	63	-

3.2.01	Элективтік курс – 1: 1. Туристік-өлкетану жұмыстары 2. Экологиялық білім мен тәрбие беру 3. Экономикалық білім мен тәрбие беру	4	1
3.2.02	Элективтік курс – 2: 1. Туризмология негіздері 2. Экология және тұрақты даму 3. Экономика және тұрақты даму	4	1
3.2.03	Элективтік курс – 3: 1. Картографиялық зерттеу әдісі 2. Далалық зерттеулер әдістері 3. Географиядағы статистикалық әдіс	4	2
3.2.04	Элективтік курс – 4: 1. Туризмнің белсенді түрлері 2. Табиғат ортасының химиясы 3. Аудандық жоспарлау негіздері	4	3
3.2.05	Элективтік курс – 5: 1. Палеогеография 2. Биосфера туралы ілім 3. Елтану	4	3
3.2.06	Элективтік курс – 6: 1. Қызмет саласының географиясы 2. Топырақ географиясы, топырақтану негіздерімен 3. Макро- және микро- экономика	3	4
3.2.07	Элективтік курс – 7: 1. Туризм географиясы 2. Экологиялық биотехнология 3. Гуманитарлық география	5	5
3.2.08	Элективтік курс - 8: 1. Экскурсиятану 2. Геоэкология және табиғатты қорғау 3. Геоэкономика және интеграциялық үдерістер	4	5
3.2.09	Элективтік курс - 9: 1. Балалар мен жасөспірімдер туризмі 2. Топонимика	4	5

	3. Геоурбанистика		
3.2.10	Элективтік курс - 10: 1. Рекреациялық география 2. Табиғатты пайдалану экологиясы 3. Табиғатты пайдалану экономикасы	5	6
3.2.11	Элективтік курс - 11: 1. Туризмді оқыту әдістемесі 2. Экологияны оқыту әдістемесі 3. Экономика негіздерін оқыту әдістемесі	5	7
3.2.12	Элективтік курс - 12: 1. Кәсіби қазақ (орыс) тілі 2. ТМД елдерінің физикалық географиясы 3. ТМД елдерінің экономикалық және әлеуметтік географиясы	3	7
3.2.13	Элективтік курс - 13: 1. Туризм және демалыс инфрақұрылымы 3. Экологиялық сараптама 3. Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік	4	7
3.2.14	Элективтік курс - 14: 1. Қонақ үй шаруашылығы 2. Өнеркәсіп географиясы 3. Басқарудың географиялық негіздері	3	7
3.2.15	Элективтік курс - 15: 1. Туризм менеджменті және маркетингі 2. Экологиялық мониторинг 3. Экономиканы стратегиялық жоспарлау және мемлекеттік реттеу	4	7
3.2.16	Элективтік курс - 16: 1. Бүкіләлемдік мұралар географиясы 2. Ғаламдық экология 3. Халықаралық экономикалық қатынастар географиясы	3	8
	АПМ элективті пәндерінің жиынтығы	63	-